

**"Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығару шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын анықтау туралы"  
Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 144 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 11 наурыздағы № 58 қаулысы.  
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 13 наурызда № 9149-16 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығару шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын анықтау туралы " Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 144 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7043 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Н. Сактаганов*